

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау және реттеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 16 тамыз N 271. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 10 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 888. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 6 желтоқсандағы N 445 (V032644) қаулысымен.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау және реттеу ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Жоғарыда аталған Ереже мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы N 221 қаулысымен бекітілген Банктік емес қаржы ұйымдары туралы ереженің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 21 маусымдағы N 135 қаулысымен бекітілген өзгерістері мен толықтыруларының күші жойылды жеп танылсын.

3. Заң департаменті (Шәріпов С.Б.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау және реттеу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

4. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) осы қаулыны және Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау және реттеу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Орталық, Алматы Бас) филиалдарына жіберсін, оларға осы қаулыны және жоғарыда аталған Ережені банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберуді міндеттесін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
 1 9 9 9 ж ы л ғ ы 1 6 т а м ы з д а ғ ы

№ 271 қаулысымен бекітілген

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін лицензиялау және реттеу ережесі

Осы Ереже банк заңдарының талаптарына сәйкес әзірленген және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құқықтық мәртебесін, қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату тәртібін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым - банк болып саналмайтын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) лицензиясы негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге құқылы заңды тұлға.

2. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - банктік емес ұйымдар) қызметі " Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы ", " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ", " Шаруашылық серіктестіктер туралы ", " Шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы ", " Валюталық реттеу туралы ", " Бағалы қағаздар рыногы туралы ", " Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы ", " Акционерлік қоғамдар туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарымен, сондай-ақ банк заңдарына қайшы келмейтін басқа да нормативтік құқықтық актілермен р е т т е л е д і .

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

3. Егер банктік емес ұйымдардың жекелеген түрлерін құру, қызметін лицензиялау, реттеу және тоқтату тәртібі Ұлттық Банктің арнайы нормативтік құқықтық актілерімен реттелсе, онда Ұлттық Банктің арнайы нормативтік құқықтық актілерінің нормалары қолданылады.

4. Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда болмаса, бір де бір банктік емес ұйымның заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы және жинақ есепшотын ашуға және жүргізуге құқығы жоқ.

5. Банктік емес ұйым филиалдар, өкілдіктер және еншілес банктік емес ұйым ашқан кезде банктік емес ұйым оларды ашу туралы шешім қабылдағаннан кейін үш күннің ішінде Ұлттық Банкке тиісті хабарлама беруге міндетті.

6. Филиалдың, өкілдіктің, еншілес банктік емес ұйымның ашылғаны туралы х а б а р л а м а д а :

1) банктік емес ұйымның уәкілетті органының филиал, өкілдік, еншілес банктік емес ұйым ашу туралы шешімнің қабылданған күні;

2) филиалдың, өкілдіктің, еншілес банктік емес ұйымның атауы және м е к е н - ж а й ы ;

3) банктік емес ұйымға берілген сенімхат негізінде филиал жүргізуге уәкілетті болатын банк операцияларының жекелеген түрлерінің тізбесі (өкілдіктер үшін - өкілдіктер қызметінің тізбесі).

Банктік емес ұйымдардың филиалдары банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізген кезде үй-жай және қызметкерлер нормативтік құқықтық актілермен белгіленген ұйымдық-техникалық және біліктілік талаптарына сәйкес болуға тиіс.

7. Банктік емес ұйым немесе мемлекет өзіне жауапкершілік алған жағдайда болмаса, банктік емес ұйым мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және сол сияқты мемлекетте оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

8. Банктік емес ұйым осы Ережеде көзделген банк операцияларын үйлестіру талаптарын сақтаған жағдайда (Ұлттық Банктің Басқармасы рұқсат еткеннен басқа жағдайда) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) көзделген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту: 8-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

2-тарау. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың құқықтық мәртебесі

9. Банктік емес ұйым өндірістік кооперативтен басқа, өз қызметін кез келген ұйымдық-құқықтық нысанда құра алады және жүзеге асыра алады.

10. Өкілдік, атқарушы және сот өкіметі органдарынан, сондай-ақ сол мемлекеттің тіркеу заңдарына сәйкес оффшорлық аймақта тіркелген компания мәртебесі бар заңды тұлғалардан басқасы, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары, резиденттері және резидент еместері банктік емес ұйымның құрылтайшылары (қатысушылары) бола алады.

11. Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі болған ерекше жағдайда тек мемлекет қана құрылтайшысы болып саналатын ұйымға Үкіметтің атынан Заңда көзделген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия беруге құқылы.

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

12. Банктік емес ұйымның әрбір түрі бойынша жарғы капиталының ең аз мөлшерін Ұлттық Банк Басқармасы белгілейді және осы соманың шегінде тек қана ақшамен төленуге тиіс (Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен тек мемлекет қана құрылтайшысы болып саналатын банктік емес ұйымның жарғылық капиталын қалыптастыру тәртібі басқаша көзделуі мүмкін жекелеген жағдайларды ескермегенде).

13. Банктік емес ұйымның жарғылық капиталына төлем жасау үшін заемнан, кепілден және басқаша тартылған қаражаттан алынған ақшаны пайдалануға тыйым салынады. Сонымен қатар басқа заңды тұлғалардың меншік капиталына қатысу үлесін есептен шығара отырып, банктік емес ұйым құрылтайшыларының (қатысушыларының) меншік капиталы шегінде акцияларға төлем жасауға болады.

Ескерту: 13-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

14. Жаңадан құрылған банктік емес ұйымның құрылтай құжаттарында (құжатында) жарияланған жарғылық капиталының мемлекеттік тіркеуден өткенге дейін елу проценті және лицензия беру туралы өтініш берген кезден бастап толық төленуге тиіс, бірақ мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап бір күнтізбелік жылдан кешіктірмеу керек.

15. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған банктік емес ұйымдар Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілерін және олардың бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындысы туралы есептерін жүргізу тәртібін реттейтін қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес банктік емес ұйымдардың бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілеріне және бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындысы туралы есептеріне Ұлттық Банкте сараптама жүргізуге міндетті.

16. Ұлттық Банк банктік емес ұйымдарға банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия (бұдан әрі - лицензия) беруге Қазақстан Республикасының аумағында уәкілетті бірден-бір лицензиар болып табылады.

3-тарау. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды құру және лицензиялау

17. Банктік емес ұйым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылтай құжаттары негізінде құрылады және іс-әрекет жасайды.

Құрылтай құжаттары (құжат), сонымен бірге оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар міндетті түрде Ұлттық Банкпен келісіліп жасалуға тиіс.

18. Құрылтай құжаттарында (құжатта), сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларда Қазақстан Республикасының, оның ішінде банк заңдарында көзделген мәліметтер болуға тиіс.

туралы аудиторлық фирманың (аудитордың) қорытындысы, немесе жеке тұлғалар үшін - банктік емес ұйымның жарғылық капиталына қатысуға жеткілікті өз қаржысының бар екенін растайтын құжаттар;

6) егер құрылтайшы (қатысушы) Қазақстан Республикасының резиденті болып саналмаса: тиісті мемлекеттің мемлекеттік немесе қадағалау органының банктік емес ұйымның - Қазақстан Республикасы резидентінің жарғылық капиталына қатысуына рұқсат беретіні туралы жазбаша хабарламасы не құрылтайшы (қатысушы) мемлекеттің заңдары бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіні туралы тиісті мемлекеттің мемлекеттік немесе қадағалау органының мәлімдемесі;

7) егер құрылтайшы (қатысушы) жарғылық капиталда елу проценттен аз мемлекет үлесі бар кәсіпорын болып табылса - тиісті уәкілетті органның банктік емес ұйымның жарғылық капиталына қатысуға берген рұқсаты.

Жарғылық капиталының елу процентінен астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар банктік емес ұйымның құрылтайшысы және акционері бола алмайды;

8) банктік емес ұйымның атқарушы органының басшысы және бас бухгалтері туралы мәліметтер: аты-жөні, азаматтығы, мекен-жайы, сондай-ақ олардың белгіленген талаптарға сай келетінін растайтын мәліметтер;

9) банктік емес ұйымның жан-жақты ұйымдық құрылымы;

10) банктік емес ұйымдардың стратегиясын, қызмет ауқымын, рыноктарды талдауды, тәуекелдерді бағалауды сипаттайтын және басқа да қызметін құрайтын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге берілетін лицензия алуға экономикалық негіздеме.

1) - 5), 7)-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды нотариалды куәландырылған көшірме түрінде беруге болады.

Ескерту: 26-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

27. Өтініш беруші лицензия алу үшін:

1) банк операцияларының түріне қарай, белгіленген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ұйымдық-техникалық іс-шараларға, үй-жайлар мен жабдықтарды дайындауға қоса барлық талаптарды орындауға тиіс, сондай-ақ тиісінше білікті қызметкерлерді жинауға;

2) жариялы (тіркелген) жарғылық капиталды төлеуге;

3) банк заңдарының талаптарына сәйкес операция жүргізудің жалпы шарттарын, банктік емес ұйымның ішкі ережесін беруге;

4) өзінің басшы қызметкерлерін Ұлттық Банкпен келісуге және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен қойылған қолдар мен мөр таңбасының үлгілері бар құжаттарды ресімдеуге тиіс.

Банктік емес ұйым басшы қызметкерлер санатына жатпайтын адамдарға, олардың өкілеттілігі жазбаша расталған жағдайда, қойылған қолдар мен мөр таңбасының үлгілері бар құжаттарға бірінші және екінші қол қою құқығын беруге құқылы.

28. Шетел валютасымен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия алу үшін мынадай қосымша талаптарды орындау қажет:

1) шетел валютасымен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия алуға өтініш бергенге дейін бір жыл ішіндегі жұмыс істеу нәтижесі бойынша қаржы жағдайының тұрақтылығы;

2) Банктік қадағалау департаментінің банктік емес ұйымның шетел валютасымен банк операцияларының жекелеген түрлерін орындауға дайын екендігі туралы қорытындысы (Ұлттық Банктің техникалық және біліктілік талаптарын сақтауы).

29. Банктік емес ұйымның басшы қызметкерлеріне директорлар кеңесінің төрағасы және мүшелері (егер банктік емес ұйымның жарғысында оны құру көзделген болса), атқару органының басшысы және бас бухгалтер жатады.

Банктік емес ұйымның басшы қызметкерлері осы тармақта белгіленген ең аз талаптарға сай болуға тиіс.

Атқарушы органның басшысы, директорлар кеңесінің төрағасы қызметіне (егер банктік емес ұйымның жарғысында оны құру көзделген болса):

1) жоғары білімі жоқ;

2) соттылығы өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіп бойынша алып тасталмаған;

3) бұрын банкротқа ұшыраған, заң талаптарын орындамағаны үшін банк ашу рұқсаты қайтарылып алынған және/немесе банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиясының күші жойылған заңды тұлғаның не банктің немесе банктік емес ұйымның басшы қызметкері болған адам лауазымды қызметке сай келмейді деп танылып, ондай қызметке тағайындалмайды.

Банктік емес ұйымның директорлар кеңесінің төрағасы, атқарушы органының басшысы және бас бухгалтері қызметке Ұлттық Банктің келісімімен тағайындалады (сайланады).

Банктік емес ұйымның басшы қызметіне тағайындалуға тиісті кандидатураларды келісу Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Аталған қызметкерлер өз міндеттерін Ұлттық Банктің келісімін алғанға дейін үш айдан астам уақыт атқаруына болмайды.

30. Банктік емес ұйымдарға операциялардың қосымша түрлеріне лицензия бергенде, оған банктік емес ұйымға рұқсат етілген операциялардың барлық тізбесі енгізіледі. Банктік емес ұйымға бұрын берілген лицензия Ұлттық Банкке

Лицензия берілгені үшін мөлшері және төлеу тәртібі қолданылып жүрген заңдарда анықталған алым алынады.

31. Ұлттық Банк осы Ереженің N 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша берілген, тоқтатып қойылған және қайтарып алынған лицензиялардың тізілімін жү р г і з е д і .

Ескерту: 31-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

32. Банктік емес ұйым лицензияның түпнұсқасын жоғалтқан жағдайда, тиісті уәкілетті ұйым банктік емес ұйымның лицензияны жоғалтқаны туралы фактіні растап құжат берсе және банктік емес ұйым тиісті ақпаратты кем дегенде екі республикалық басылымдарда жарияласа, Ұлттық Банкке жаңа лицензия беру туралы өтініш бере алады .

Осы Ереженің 26-29-тармақтарында көзделген талаптар мұндай жағдайларда банктік ұйымдарға қолданылмайды.

33. Ұлттық Банк жұмыс істеп тұрған банктік емес ұйымдарға банк операцияларының қосымша түрлерін жүргізуге лицензия беру үшін Ереженің осы тарауында белгіленген тәртіппен банктік емес ұйымның операция жүргізуге дайындығын тексереді .

Банктік емес ұйымдарға банк операцияларының қосымша түрлерін жүргізуге 27-тармақта көзделген негіздерден басқа, мынадай талаптарды орындаған жағдайда :

- 1) операциялардың қосымша түрлеріне лицензия алуға өтініш бергеннен кейін қатарынан үш ай бойы банктік емес ұйымдар үшін белгіленген нормаларды және/немесе лимиттерді орындап отырса;
- 2) банктік емес ұйымның бюджетке қарызы болмаса;
- 3) нормативтік құқықтық актілерді орындаса лицензия берілетін болады.

33-1. Банктік емес ұйым лицензияны жоғалтқан жағдайда дубликат алуға құқылы. Ұлттық Банк банктік емес ұйымның жазбаша өтініші бойынша лицензияның дубликатын он күнтізбелік күннің ішінде береді. Мұндай жағдайда банктік емес ұйым лицензиялық алым төлейді.

Банктік емес ұйымға лицензияны қайта ресімдеуді Ұлттық Банк оның жазбаша өтінішінің және лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттың негізінде оларды алған сәттен бастап он жұмыс күнінің ішінде жүзеге асырады .

Банктік емес ұйымның лицензиясы Қазақстан Республикасының заң актілерінде көрсетілген негіздер бойынша қайта ресімделеді.

Ескерту: 33-1-тармақпен толықтырылсын - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

34. Банктік емес ұйым банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензия алу үшін банк операцияларын лицензиялау мәселесін реттейтін Ұлттық Банктің арнайы нормативтік құқықтық актілерін орындауға тиіс.

Банктік емес ұйымның (оның филиалдарының) қызмет үйінің және басқа өндірістік үй-жайының, оған қоса ондағы күзет, өрт және қауіп дабылдарының техникалық жағдайының сәйкес келуі нормативтік құқықтық актілер негізінде анықталады.

35. Банктік емес ұйымның банк қызметін жүзеге асыруға (операцияның қосымша түрлерін жүргізуге) дайындығын анықтау үшін Ұлттық Банк банктік емес ұйым объектісінің (үй-жайының) тұрған жерінде тиісті тексеру жүргізеді. Осындай мақсатпен оның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің немесе аумақтық филиалдарының қызметкерлерінен Ұлттық Банктің комиссиясы (бұдан әрі - **К о м и с с и я**) құрылады.

Ұлттық Банк банктік емес ұйымның Комиссия құру немесе өзінің аумақтық филиалдарының техникалық дайындығын тексеру жөнінде өкілеттік беруге құқылы.

Ескерту: 35-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен.

36. Банктік емес ұйымның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға дайындығы туралы материалдар Банктік қадағалау департаментіне берілуге тиіс.

37. Операцияның қосымша түрлеріне лицензия беру туралы өтініш осы Ереженің 24-тармағында белгіленген мерзімде қаралуға тиіс.

38. Осы Ереженің 26-29 тармақтарында белгіленген талаптардың кез келгенін сақтамаған жағдайда және мынадай негіздердің кез келгені бойынша:

1) банктік емес ұйымның құрылтай құжаттары қолданылып жүрген заңдарға сай келмесе;

2) банктік емес ұйымның жарғылық капиталының мөлшері, құрамы және құрылымы қолданылып жүрген заңдардың талаптарына сай келмесе;

3) банктік емес ұйымның және/немесе оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) қаржы жағдайы тұрақсыз болса;

4) банктік емес ұйымның бюджетке қарызы болса;

б) банктік емес ұйымның басшылық лауазымына үміткерлер осы Ережеде белгіленген ең аз талаптарға сай келмесе банктік емес ұйымға банк операцияларын жүргізуге лицензия беруден бас тартуға болады.

39. Лицензия беруден бас тартқан жағдайда өтініш берушіге жазбаша түрде және лицензия беру үшін белгіленген мерзімде себебі көрсетіле отырып жауап береді.

4-тарау. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жүргізуге болатын банк операцияларын қоса атқаруы

40. Заем және ломбард операцияларын сейф, касса және есеп операцияларымен қоса атқаруға болады.

Ескерту: 40-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

41. Инкассация, банкноттарды, металл ақшаны және құндылықтарды жіберу бойынша операцияларды басқа банк операцияларымен қоса атқаруға болмайды.

42. Клиринг операцияларын аударым операцияларымен, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттары бойынша және оны ашу және жүргізу жөніндегі операциялармен қоса атқаруға болады.

Ерекше жағдайда, Ұлттық Банктің шешімі бойынша, банктік ұйым овердрафт беру жолымен операциялық күн ішінде клиринг қатысушыларының позицияларын жабу үшін заем операцияларын жүргізуге құқылы.

Ескерту: 42-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

43. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті (инвестициялық қорлардан басқасын) жүзеге асыратын банктік емес ұйым банк операцияларының тек қана мынадай түрлерін орындауға:

1) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашуға және жүргізуге;

2) аударым операцияларын: заңды және жеке тұлғалардың ақша аударымы бойынша тапсырмаларын орындауға;

3) клиринг операцияларын: төлемдерді жинауға, салыстырып тексеруге, сұрыптауға және растауға, сондай-ақ олардың өзара есеп беруін жүргізіп отыруға және клирингке қатысушылардың таза позициясын анықтауға;

4) сейф операцияларын: клиенттердің бағалы қағаздарын, құжаттарын және құндылықтарын сақтау, оған қоса сейф жәшіктерін, шкафтарын және үйлерін жалға беру жөнінде қызмет көрсетуге;

5) бағалы қағаздар рыногында клиринг қызметін жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту: 43-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

44. Банктік емес ұйымдардың аударым операцияларын жүргізуге лицензиясы болса, екінші деңгейдегі банктерде корреспонденттік есепшоттар ашуға құқылы. Ерекше жағдайда корреспонденттік есепшоттарды Ұлттық Банктің тиісті уәкілетті органының шешімі негізінде Ұлттық Банкте ашуға болады.

45. Банктердің және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың заемдарын тартатын банктік емес ұйымдар өз

активтерін екінші деңгейдегі банктер үшін белгіленген тәртіппен жіктеуге м і н д е т т і .

Жекелеген жағдайда банктік емес ұйымға банк операцияларын жүргізуге лицензия берген кезде Ұлттық Банктің Басқармасы банктер үшін белгіленген тәртіппен банктік емес ұйымда ішкі аудит бақылауын міндетті түрде ұйымдастыруды белгілеуге құқылы.

Ескерту: 45-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

5-тарау. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу және оған бақылау жасау тәртібі

46. Банктік емес ұйымдардың бухгалтерлік және басқа есебінің тізімі, нысаны және беру мерзімі, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін жауапкершілік Ұлттық Банктің жекелеген нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Банктік емес ұйымдар Ұлттық Банкке оның сұрауы бойынша кез келген ақпаратты, оған қоса өз қаражаты, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қаражаты, өздері жүргізетін операциялар, берілген және алынған заемдар туралы мәліметтер және басқа мәліметтер беруге міндетті.

Ескерту: 46-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

47. Ұлттық Банк Басқармасы банктік емес ұйымдар сақтауға міндетті қосымша нормативтерді және/немесе нормаларды белгілеуге құқылы.

48. Ұлттық Банк банктік емес ұйымдар қызметіне инспекция жүргізеді, ол облыс, республикалық дәрежедегі қала аумағына орналасқан банктік емес ұйымдарға, өзінің аумақтық филиалдарына инспекция жүргізу жөнінде өкілеттік б е р у г е құ қ ы л ы .

Ескерту: 48-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

49. Өзінің қызметтік міндетін атқару бойынша банктік және коммерциялық құпиядан тұратын мәліметтер (ақпарат) алуға рұқсат берілген адамдардың осы жоғарыда аталған мәліметтерді (ақпаратты) жария етуіне немесе үшінші тұлғаға беруіне тыйым салынады. Аталған мәліметтерді (ақпаратты) үшінші тұлғаға жария еткені немесе бергені үшін кінәлі адам қолданылып жүрген заңдарда көзделгендей жауап беретін болады.

50. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе қайтарып алу мынадай негіздердің кез келгені бойынша:

1) банктік емес ұйымға Ұлттық Банктің лицензиясы жалған мәліметтер негізінде берілгені анықталса;

2) қолданылып жүрген заңдарды ұдайы (қатарынан он екі күнтізбелік ай

ішінде үш рет және одан да көп рет) бұзса;

3) Ұлттық Банкке есеп пен мәліметтерді бермесе немесе әдейі дұрыс бермесе;

4) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерін бұзса, не банктік емес ұйымға ықпал етудің шектеу шараларын қолданудан туындайтын шарттарды орындамаसा;

5) банктік емес ұйым өз қызметін жүргізуге болатын операцияларды қоса атқару жөніндегі талаптарды бұза отырып жүргізсе;

6) банктік емес ұйым қолданылып жүрген заңдарда, банктік емес ұйымның құрылтай құжаттарында (құжатта) және банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияда белгіленгеннен басқа өзінің құқықтық мүмкіндігі шегінен тыс операцияларды жүргізсе;

7) банктік емес ұйымның қайта құру не тарату жолымен өз қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешімі болса;

8) банктік емес ұйым банкротқа ұшыраса;

9) сот банктік емес ұйымның қызметін тоқтату туралы шешім шығарса жүзеге асырылады.

Ескерту: 50-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

51. Банктік емес ұйымның лицензиясы қайтарып алынған жағдайда Ұлттық Банк заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу органдарына қабылданған шешім туралы бір айдың ішінде хабарлайды.

Ескерту: 51-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

6-тарау. Қорытынды ережелер

52. Банктік емес ұйымдарды қайта құру және тарату қолданылып жүрген заңдардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

53. Банктік емес ұйымдар қолданылып жүрген заңдарды бұзған жағдайда банктер үшін белгіленген ықпал етудің шектеу шараларын, сондай-ақ ұйымды ашуға берілген рұқсатты қайтарып алу, тоқтатып қою режимінен және акцияларды еріксіз түрде сатып алу мүмкіндігінен басқа санкцияларды қолдануға құқылы.

54. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларына сәйкес шешілуге тиіс.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының

1999 жылғы 16 тамыз N 271

қаулысымен бекітілген
Банк операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың
қызметін лицензиялау және реттеу
ережесіне

№ 1 қосымша

**Теңгемен банк операцияларын жүргізуге берілген
Лицензия**

Номері _____
Берілген күні _____ жылғы "___" _____
Мемлекеттік тіркелген күні және тіркеу номері

Осы лицензия Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999 жылғы "___" _____
N _____ қаулысына сәйкес

(банк операцияларының жекелеген түрлерін берілді

жүзеге асыратын ұйымның атауы және мекен-жайы)
және мынадай банк операцияларын жүргізу құқығын
береді:

1. _____
2. _____
3. _____

...

Осы лицензияның шарттарынан туындайтын құқықтарды
үшінші тұлғаға беруге болмайды.
Осы лицензия бір данада беріледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 16 тамыз N 271
қаулысымен бекітілген
Банк операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың
қызметін лицензиялау және реттеу
ережесіне N 2 қосымша

Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген , тоқтатып қойылған, қайтарып алынған лицензиялардың есебін жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тізілімі

Лицензиялар N	Ұйымның атауы	Лицензия берілген (қайта ресімделген) күні	Лицензия беру(қайта ресімдеу) негізде. месі	Лицензияда көзделген операциялар тізбесі	Лицензия қайтарып алынған, тоқтатылған күні
---------------	---------------	--	---	--	---

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 16 тамыз N 271
қаулысымен бекітілген
Банк операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың
қызметін лицензиялау және реттеу
ережесіне N 3 қосымша

Ескерту: 3-қосымша алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 16 тамыз N 271
қаулысымен бекітілген
Банк операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың
қызметін лицензиялау және реттеу
ережесіне N 4 қосымша

Ескерту: 4-қосымша алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2002 жылғы 8 қарашадағы N 437 қаулысымен .